Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінің Медбике жайлы мәлімет

Қ/с	*Аты-жөні*	*Туған жылы айы*	*Бітірген оқу орны*	*Диплом бойынша мамандығы*	*Катигория*	*Жүктемесі*	*Жалпы стажы*
1	*Қалманова Парида Қалмұрзақызы*	14.08.1968	Шымкент қаласындағы Медициналық учелище	Мейірбике ісі	Жоғары	1	40
2	Алтаева Жансая Койшыбаевна	17.10.1989	ОҚММА жанындағы орта кәсіби білімді мамандар даярлау факультеті	Жалпы тәжирбиелі акушер	-	1	15
3	Қаһарманқызы Шакизада	22.02.1995	Оңтүстік медициналық колледжі	Жалпы мейірбике ісі	-	1	10

Scanned with CamScanner

Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) шарты
№ 311

Шолаққорған ауылы " 05 " желтоқсан 2022 жыл

Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 ақпан №41 қаулысына сәйкес бұдан әрі "Жалға беруші" деп аталатын «Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі негізінде әрекет ететін бөлім басшысы Айдаров Н.Т. бір тараптан және бұдан әрі "Жалдаушы" деп аталатын ШЖҚ МКК «Созақ аудандық орталық ауруханасы» Жарғысы негізінде әрекет ететін басшысының міндетін атқарушы Мырзагелдиев Б.М. екінші жағынан төмендегі туралы осы келісім-шартты жасасты.

1. Шарттың нысаны

1. «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н.Айдаров орналастыру үшін мүлікті «Жалға беруші» мүліктік жалға (жалдауға) береді, ал ШЖҚ МКК «Созақ аудандық орталық ауруханасы» бас дәрігерінің міндетін атқарушы Т.Қалдыбеков «Жалдаушы» қабылдап алады.

Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 ақпан №41 қаулысымен бекітілген Ережесіне сәйкес «Жалдаушы» медициналық мүліктерді жалға алғаны үшін, жалдау ақы төлемейді.

Келісім-шарттың қолданылу мерзімі – келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап үш жыл.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, шарттың мерзімін ұзартуды қоспағанда, аталған шарттың әрекет етуі тоқтатылады. Шарттың әрекет ету мерзімін ұзарту, егер баланс ұстаушы белгіленген шарттың мерзімі біткеннен кейін және біткенге дейін жалға берушіге шарттың әрекет ету мерзімін ұзартудан жазбаша бас тартуды ұсынбаса, жалға берушінің шешімі (бұйрығы) негізінде келісім жасасу жолымен жүзеге асырылады.

2. Жалпы шарттар

2. Мүлікті жалдауға қабылдап алу-беру «Жалдаушының», теңгерім ұстаушының өкілдері қол қоятын және «Жалға беруші» бекітетін қабылдау-өткізу актісі жүзеге асырылады және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Шартқа қол қою арқылы «Жалға беруші» мен теңгерім ұстаушы жазбаша келісімімен өзгелерден басқа, беру сәтінде тапсырылатын мүліктің кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалармен шарттың әрекет етуі ішінде талап етілмейтіндігін куәландырады.

4. Бір жылдан артық мерзімге жасалған шарт "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады және осындай тіркеу сәтінен бастап жасалған болып есептеледі. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шартын мемлекеттік тіркеуден өткізу жалдаушының есебінен жүзеге асырылады.

5. «Жалдаушы» өрт пен электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жалдап отырған үй-жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ, осы тармақта көзделген шарттардың тиісті түрде орындалмауының салдарына толық жауап береді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6. «Жалға берушінің»:

1) теңгерім ұстаушымен келісім бойынша мүлікті, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалға беруге «Жалдаушыға» жазбаша рұқсат беруге;

Scanned with CamScanner

2) тараптардың келісімі бойынша шартты ұзартуға, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;

3) мүліктің мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

7. «Жалдаушының»:

1) теңгерім ұстаушының жазбаша келісімімен мүлікті, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалдауға беруге рұқсат үшін «Жалға берушіге» өтініш жасауға;

2)«Жалға берушіге» шарттың мерзімін ұзарту немесе бұзу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

8. «Жалға беруші»:

1) шарттың жасалған күнінен бастап бес күнтізбелік күннен астам емес мерзімде қабылдау-өткізу актісі бойынша «Жалдаушыға» теңгерім ұстаушының мүлікті беруін қамтамасыз етуге және оны бекітуге;

2) шартпен белгіленген тәртіпте «Жалдаушының» мүлікті иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге.

9. «Жалдаушы»:

1) қабылданған мүлікті шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;

2) мүлікті тиісінше тәртіпте ұстауға, мүлікке немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;

3) мүлікті дұрыс жағдайда ұстауға, өз есебінен ағымдағы жөндеу жүргізуге және мүлікті ұстау бойынша шығыстарды көтеруге, сондай-ақ, тараптармен келісілген мерзімдерде күрделі жөндеу жүргізуге;

4) «Жалдаушының» кінәсінен және табиғи тозуға байланысты мүліктің жекелеген элементтері қалыптан шыққан жағдайда, өз қаражаты есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

5) «Жалға берушінің» алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз мүлікті, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға;

6) мүлікке және мүлік орналасқан жер учаскесіне «Жалдаушының», санитарлық қадағалау қызметі және Қазақстан Республикасы заңнамасының және мүлікті пайдалану мен қолдану тәртібіне қатысты өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгілеген мерзімдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға;

7) шарт бойынша өз құқықтарын бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салмауға;

8) жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын мүлікті жалдауды ұзарту ниеті туралы жазбаша өтініш беруге. Мұндай өтініштің болмауы «Жалға берушінің» мүлікті басқа заңды немесе жеке тұлғаларға жалға (жалдауға) беруге негіз береді;

9) шартты бұзған немесе шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, «Жалдаушы» мен теңгерім ұстаушы қолдарын қойған және «Жалға беруші» бекіткен қабылдау-өткізу акті бойынша теңгерім ұстаушыға он күнтізбелік күн ішінде мүлікті қайтаруды қамтамасыз етуге;

10) «Жалдаушының» кінәсі бойынша мүлік пайдалануға жарамсыз жағдайға келтірілген жағдайда, өз қаражаты есебінен қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға;

11) мүлікті жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен) қайтарған жағдайда, шығынды өтеуге міндетті.

Scanned with CamScanner

4. Шартты мерзімінен бұрын бұзу шарттары

10. «Жалдаушы» шартты бұзғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бұл туралы «Жалға берушіні» жазбаша ескерте отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

11. «Жалға берушінің» талабы бойынша мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты бұзылуы мүмкін және мүлік «Жалға берушіге» мынадай:

1) егер «Жалға берушінің» жасаған жазбаша ескертуіне қарамастан, «Жалдаушы» мүлікті шарттың талаптарын немесе мүліктің мақсатын елеулі бұза отырып пайдаланған;

2) егер «Жалдаушы» шарт бойынша берілген мүлікті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбаған;

3) егер «Жалдаушы» қасақана немесе байқаусызда мүлікті елеулі нашарлатқан;

4) «Жалдаушыға» басқа мүлікті оның жазбаша келісімінен кейін берген;

5) «Жалға беруші» мүлікті алып қою туралы шешім қабылдаған;

6) «Жалға берушінің» атына теңгерім ұстаушы жазбаша өтініш жазған жағдайларда қайтарылады.

12. Шарт «Жалдаушының» талабы бойынша мерзімінен бұрын мынадай:

1) теңгерім ұстаушы шарттың талаптарына немесе мүліктің мәніне сәйкес «Жалдаушының» пайдалануына мүлікті бермеген не мүлікті пайдалануға кедергі жасаған;

2) мүліктің теңгерім ұстаушысы шартпен белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған жағдайда - ақылға қонымды мерзімдерде оған салынған мүлікті күрделі жөндеу міндеттемелерін орындамаған;

3) «Жалдаушыға» берілген мүліктердің оны пайдалануға кедергі жасайтын, олар шарт жасасқан кезде «Жалға берушімен» келісілмеген ақаулары болған және шартты жасасқан кезде мүлікті қараған және оның жұмыс істейтінін тексеру уақытында анықталуы мүмкін болмаған;

13. Шартты мерзімінен бұрын бір тарапты бұзу сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін. Сот шешімі күшіне енгенге дейін мүлік «Жалдаушыда» сақталады, ол шартқа сәйкес жалдау ақысын төлеуді жалғастырады.

5. Ерекше жағдайлар

14. Шарт әрбір тарап үшін біреуден бірдей заңдық күші бар мемлекеттік тілде үш данада жасалады.

15. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың қосымша келісімге қол қою жолымен енгізіледі. Егер оларды осыған уәкілетті тұлғалар жасаған болса, шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың күші болады. Барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

16. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) тапсырғаны үшін жалдау ақысын есептеу мүлікті қабылдау-өткізу актісі бойынша мүлікті теңгерім ұстаушыға қайтару сәтіне дейін жүргізіледі.

6. Дауларды қарау тәртібі

17. Осы шарттан немесе оған байланысты тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда сот тәртібімен шешіледі.

Scanned with CamScanner

Код 4593510 Код 16

7. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік деректемелері

ЖАЛҒА БЕРУШІ	**ЖАЛДАУШЫ**
«Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі » ММ	ШЖҚ МКК«Созақ аудандық орталық ауруханасы»
Шолаққорған ауылы,	Шолаққорған ауылы,
Жібек жолы көшесі №147	Жібек жолы көшесі №147
БСН 060140015359	БСН 091040005910
ЖСК KZ05070103KSN5813000	ЖСК KZ246010291000062653
БСК KKMFKZ2A	БСК NSBKKZKX
ҚР ҚМ ҚК	«Қазақстан Халық банкі» АҚ
Код 4593510	Код 16

Бөлім басшысы

Айдаров Н.Т.

М.О.

Басшының м.а.

Мырзагелдиев Б.М.

М.О.

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің материалдық құндылықтар тобының жетекшісі

Г.Жантілесова

Scanned with CamScanner

Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) қабылдау өткізу актісі

№ 1

Шолаққорған ауылы " 05 " желтоқсан 2022 жыл

Біз акт жасап қол қоюшылар:

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің (ары қарай – Теңгерім ұстаушы) басшысы Айдаров Н.Т., Созақ аудандық орталық ауруханасының (ары қарай – Жалдаушы) басшысының міндетін атқарушы Т.Қалдыбеков болып " 05 " желтоқсан 2022 жылғы №311 мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) шартына сәйкес Теңгерім ұстаушы және Жалдаушы арасында қосымша кестеге сәйкес өткізу - қабылдау актісі жасалынды.

Қосымша 6 парақ

Scanned with CamScanner

367		Дәрі-дәрмек сақтау шкафы	2	236007000001 236007000001			2015	58000	49300	0
368		Кушетка	1	464070512			2005		0	0
369		Тоңазытқыш SAMSUNG	1	454013009	RL24MBSW1/BUS	SAMSUNG (Корея)	2005		0	0
370		Бой өлшегіш	2	464070531			2005		0	0
371		Весы	1	464070529	ТУ424-040-00213703-99	ЧЭАЗ (Россия)	2005		0	0
372	Шолаққорған атындағы ЖОМ	Инъекцияға арналған стол	2	464070530			2005		0	0
373		Жазу столы	3	4644070531			2005		0	0
374		Орындық	4	464070532			2005		0	0
375		Штатив	1	464070530			2005		0	0
376		Ультракүлгінді лампа жылжымалы	1	464070531			2015	20000	17000	0
377		Кастрюль 20л железный	1	464070529			2014		0	0
378		Ведро 10л железный	1	237001000738			2013	2200	1210	0
379		Банкетка кіші	2	464070529			2005		0	0
380		Шкаф құжаттарға	2	464070530			2006	40000	0	0
381	Абай атындағы ЖОМ	Екі есікті медициналық шкаф	2	4643732-344 4643732-345			2013	Қағасы ғимараттың ішінде		0
382		дәрігерлік столы	2	4643732-356 4643732-357			2013			0
383		медициналық кушетка	2	4643732-346 4643732-347			2013			0
384		кварц қабырғаға	2	4643732-348			2013			0
385				4643732-349			2013			0
386		бой өлшегіш	1	4643732-360			2013			0
387		мед.таразы	1	4643732-358	С89174	Қытай	2013			0
388		дәрігерге орындық-кресло	2	4643732-350 4643732-351			2013			0
389		құрал жабдық арналған стол	1	4643732-359			2013			0
390		Тоңазытқыш pozis	2	4643732-352 4643732-353	078CV10088606	NORD (Украина)	2012			0
391		Ауа кептіргіш шкаф стер.ШС-80	1	4643732-354	41669	ШС-80 (Белоруссия)	2012			0
392		кварц жылжымалы	1	4643732-355			2013			0
			419						3215109	0

Өткізуші:

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы **Алдаров Н.Т.**

Қабылдаушы:

Созақ аудандық орталық ауруханасының басшысының м.а. **Мырзагалиев Е.М.**

« Келісемін»
ШЖҚ «Созақ аудандық орталық орталық ауруханасы» МКК-ны кәсіподақ ұйымының төрағасы
П.Боранбаев

«Бекітемін»
ШЖҚ «Созақ аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның бас дәрігері
Н.Бердимуратов

Білім беру ұйымдарындағы медициналық қызметтің мейіргері

Лауазымдық міндеттері:

Мейіргердің қызметі денсаулықты сақтауға және оқушылардың денсаулығын динамикалық байқауға бағытталған.Оқу кезеңінде және каникул кезінде сауықтыру іс-шараларын, оқу орындарында, оның ішінде көшпелі мамандар бригадаларын тарта отырып, профилактикалық медициналық зерттеп-қараулер жүргізуді ұйымдастырады.Орта білім беру ұйымдарында аурулардың алдын алуға, ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізуге және сақтауға, репродуктивті болу денсаулығын сақтауға бағытталған денсаулық сақтау технологияларын енгізеді. Темекі өнімдерін тұтынудан, психикаға белсенді заттарды медициналық емес пайдаланудан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық тартудан туындаған психикалық денсаулықты сақтау, суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің профилактикалық бойынша жұмыстарды жүргізеді.Оқушыларды профилактикалық зерттеп-қараулардың нәтижелері бойынша тереңдетілген медициналық зерттеп-қарауға жібереді.Жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша білім алушылардың тиісті контингентіне вакцинация жүргізуді және оларды кейіннен бақылауды қамтамасыз етеді.Аурулар профилактикасы, оқушылар арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастырады және өткізеді. Білім беру және түсіндіру іс-шараларын өткізе отырып, ата-аналар мен педагогтарды мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауға тартады.Жіті және созылмалы аурулар, жарақаттар (шұғыл көмек, аумақтық емханаға жіберу, "жедел жәрдем" бригадасын шақыру) кезінде білім алушыларға, педагогикалық және техникалық персоналға алғашқы көмек көрсетеді.

Есепке алу-есептік медициналық құжаттаманы жүргізеді.

Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық тәртібін сақтайды. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Конституциясының, азаматтық және еңбек заңнамасының негіздері;

Пайдаланылған материалды дезинфекциялау тәртібі;

Орта медицина персоналының қызметін ұйымдастыру мәселелері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі тәртіп және нормалар.

Таныстым

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

Scanned with CamScanner

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

(қолы, аты-жөні, күні)

Scanned with CamScanner

ПРИЛОЖЕНИЕ К ЛИЦЕНЗИИ

Номер лицензии 23014380

Дата выдачи лицензии 21.06.2023 год

Подвид(ы) лицензируемого вида деятельности

- Амбулаторно-поликлиническая помощь взрослому и (или) детскому населению по специальностям

- Первичная медико-санитарная помощь

- Доврачебная

(наименование подвида лицензируемого вида деятельности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Лицензиат

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Сузакская центральная районная больница" управления здравоохранения Туркестанской области

161000, Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район, Шолаккорганский с.о., с.Шолаккорган, улица Жибек жолы, здание № 147, БИН: 091040005910

(полное наименование, местонахождение, бизнес-идентификационный номер юридического лица (в том числе иностранного юридического лица), бизнес-идентификационный номер филиала или представительства иностранного юридического лица – в случае отсутствия бизнес-идентификационного номера у юридического лица/полностью фамилия, имя, отчество (в случае наличия), индивидуальный идентификационный номер физического лица)

Производственная база

Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район, село Шулаккорган, улица Наурыз, б/н /школа/

(местонахождение)

Особые условия действия лицензии

(в соответствии со статьей 36 Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Лицензиар

Республиканское государственное учреждение "Департамент Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Туркестанской области". Министерство здравоохранения Республики Казахстан.

(полное наименование органа, выдавшего приложение к лицензии)

Руководитель (уполномоченное лицо)


Тагибаев Даулет Орынбаевич

(фамилия, имя, отчество (в случае наличия)

Scanned with CamScanner

Номер приложения	011
Срок действия	
Дата выдачи приложения	21.06.2023
Место выдачи	г.Туркестан

(наименование подвида лицензируемого вида деятельности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)



Scanned with CamScanner

Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 наурызда № 32069 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандарты бекітілсін.

2. "Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15131 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а. *Т. Султангазиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
м.а.
2023 жылғы 14 наурыздағы
№ 37 Бұйрыққа
қосымша

Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы

Scanned with CamScanner

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсетудің талаптары мен тәртібін белгілейді

2. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету амбулаториялық жағдайларда жүзеге асырылады және Кодекстің 91-бабының 3 - тармағына сәйкес меншік нысанына қарамастан медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) көрсететін денсаулық сақтау субъектілері ұсынады.

3. Орта білім беру ұйымы білім алушыларға дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсетуге арналған жеке кабинет (бұдан әрі – медициналық пункт) бөледі және оны жинау мен техникалық күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді.

4. Медициналық пункт білім алушылардың саны 50 оқушыға дейінгі шағын жинақты мектептерден басқа, ұйымға бір есебінен орта білім беру ұйымдарында ашылады.

5. Білім алушылар саны 50 оқушыға дейінгі шағын жинақталған мектептерде білім алушыларға медициналық көмекті ол орналасқан аумаққа қызмет көрсететін медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйым ұсынады.

6. Медициналық пункттің жұмыс кестесі орта білім беру ұйымының жұмыс кестесіне сәйкес белгіленеді.

7. Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру ұйымдарының тізбесін аумақтық қағидатты ескере отырып, әрбір МСАК ұйымына денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары жыл сайын қалыптастырады.

2-тарау. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

8. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығы) профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу;

2) профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;

3) психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты мінез-құлық тәуекелдерінің профилактикасы;

4) "Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес вакцинациялауды жүргізу;

5) аурулардың профилактикасы, білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру, алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістерді ұйымдастыру және өткізу;

6) білім беру және түсіндіру іс-шараларын өткізе отырып, білім алушылардың заңды өкілдері мен педагогтарды білім алушылардың денсаулығын сақтауға тарту;

7) жедел медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлері келгенге дейін кезек күттірмейтін жағдайларда алғашқы көмек көрсету болып табылады.

3-тарау. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету тәртібі

9. Медициналық пункте білім алушыларға медициналық көмекті "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) кеңейтілген практика мейіргері, жалпы практика мейіргері, учаскелік мейіргер, мамандандырылған мейіргер, білім беру ұйымдарындағы медициналық пункт мейіргері, "Мектеп медицинасындағы мейіргер ісі" мамандығы бойынша мейіргер (бұдан әрі – мейіргер) көрсетеді.

10. МСАК ұйымы № ҚР ДСМ – 305/2020 бұйрығына сәйкес "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" мамандығы бойынша орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету жөніндегі үйлестірушіні (бұдан әрі-білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді үйлестіруші дәрігер) айқындайды.

11. Білім алушыларды жоспарлы диспансерлеуді, емдеуді және (немесе) ауруы бойынша медициналық оңалтуды олар бекітілген МСАК ұйымының жалпы практика дәрігерлері, учаскелік педиатрлар, бейінді мамандар, фельдшерлер мен мейіргерлер жүзеге асырады.

Scanned with CamScanner

12. Білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді үйлестіруші дәрігер мынандай функцияларды жүзеге асырады:

1) білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша іс-шараларды жоспарлайды;

2) профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізу кестесін жасайды және оның № ҚР ДСМ – 264/2020 бұйрығына сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) білім алушыларды профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткізуге қатысады;

4) профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша уақтылы диспансерлеуді бақылауды жүзеге асырады;

5) профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығының 15-тармағында айқындалған денсаулық топтарына сәйкес 1 және 2 денсаулық тобындағы білім алушыларды негізгі дене шынықтыру тобына, 3 және 4 денсаулық тобындағы білім алушыларды арнайы медициналық дене шынықтыру тобына айқындайды;

6) арнайы медициналық дене шынықтыру тобына айқындалған білім алушылардың тізімін орта білім беру ұйымына ұсынады.

13. Білім алушыларды профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткізуді, білім алушылармен және олардың заңды өкілдерімен түсіндіру жұмыстарын қоспағанда, орта білім беру ұйымының медициналық пунктінде дәрігердің тұрақты болуы талап етілмейді.

14. Мейіргер мынандай функцияларды жүзеге асырады:

1) профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізу үшін білім алушылардың нысаналы топтарының тізімін жасайды;

2) жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиялық көрсетілімдер бойынша Кодекстің 137-бабының 2-тармағына сәйкес білім алушылардың ата-аналардың (заңды өкілдерінің) ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін № 612 ҚР ҮҚ сәйкес кейіннен вакцинацияланғандарды бақылай отырып, білім алушылардың контингентін вакцинациялауды жүргізуді қамтамасыз етеді;

3) білім алушыларға, педагогикалық және техникалық персоналға кенеттен жіті аурулар және жай-күйлер, пациенттің өміріне айқын қауіп төндірмейтін созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар (дәрігерге дейінгі шұғыл көмек, тіркелген жері бойынша медициналық ұйымға жіберу, жедел медициналық көмек бригадасын шақыру) кезінде шұғыл медициналық көмек көрсетеді;

4) МСАК ұйымының салауатты өмір салты маманымен бірлесіп салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

5) орта білім беру ұйымдарының психологтары және әлеуметтік педагогтерімен бірлесіп, психикалық денсаулықты сақтау, темекі бұйымдарын тұтынудан, психикаға белсенді әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтынудан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық елігуден туындаған суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің профилактикасы бойынша жұмыстарға қатысады;

6) "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) білім алушыларды бөліп отырғызуды бақылауды қамтамасыз етеді.

15. Шұғыл көрсетілімдер болған жағдайда немесе білім алушылардың өміріне қауіп төнген кезде кезек күттірмейтін медициналық көмек ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімінсіз, Кодекстің 137-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес көрсетілген медициналық көмек туралы ата-аналарды (заңды өкілдерді) кейіннен міндетті түрде хабардар ете отырып көрсетіледі.

4-тарау. Білім алушыларға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының ең төмен штат нормативтері

16. Білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді үйлестіретін дәрігерлердің ең төмен штат нормативтері МСАК ұйымы қызмет көрсететін 2000 білім алушыларға шаққандағы 1 штат бірлігі есебінен қалыптастырылады.

17. Мейіргерлердің ең төмен штат нормативтері 700 білім алушыларға 1 штат бірлігі есебінен, бірақ екі және үш ауысымды оқыту режимі бар орта білім беру ұйымдарында кемінде 2,0 штат бірлігі және білім алушылар саны 2800-ден асатын орта білім беру ұйымдарында 4,0 штат бірлігінен аспайтын есеппен қалыптастырылады.

18. МСАК ұйымының басшысы медициналық пункттің негізгі қызметкері уақытша болмағанда басқа медицина қызметкерімен алмастыруды қамтамасыз етеді.

5 тарау. Орта білім беру ұйымының медициналық пунктін ең аз жарақтандыру

19. Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін медициналық бұйымдармен ең аз жарақтандыру осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес МСАК ұйымы жүзеге асырады.

20. МСАК ұйымы орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін дәрілік заттармен толықтыруды осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етеді.

Scanned with CamScanner

21. Орта білім беру ұйымының медициналық пунктін жиһазбен, техникамен және кеңсе керек-жарақтарымен жарақтандыруды осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес МСАК ұйымы жүзеге асырады.

Орта білім беру
ұйымдарында медициналық
көмек көрсету стандартына
1-қосымша

Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін медициналық бұйымдармен ұсынылатын ең аз жарақтандыру

№	Атауы	Өлшем бірліктері	Саны
1	5 х 10 сантиметрлік бинттер, зарарсыздандырылмаған	дана	10
2	7 х 14 сантиметрлік бинттер, зарарсыздандырылмаған	дана	10
3	Бактерицидті шам	дана	1
4	Резеңке жылытқыш	дана	1
5	Вакцина қалдықтарын жоюға арналған ыдыс	дана	2
6	Медициналық жгут	дана	4
7	Перифериялық веналық катетер	дана	4
8	Бүйрек тәрізді науа	дана	5
9	Бір рет қолданылатын маскалар	қаптама	1
11	Инъекцияға арналған бір реттік сулықтар, спирттік	қаптама	1
12	Зарарсыздандырылмаған қолғаптар	қаптама	1
13	Нитрилді, зарарсыздандырылған қолғаптар	дана	6
14	№10 жиынтықтағы бактерицидті пластыр	дана	1
15	3 х 500 сантиметрлік пластыр	дана	1
16	Катетерді бекітетін пластыр	дана	1
17	Бір рет қолданылатын жаймалар	дана	10
18	Мұзға арналған шыны сауыт	дана	1
19	Тоқыма емес материалдан жасалған стерильді 0,8 х 0,7 сантиметрлік сулықтар	қаптама	1
20	Көлемі 40 х 70 сантиметрлік зарарсыздандырылған бір рет пайдаланылатын тоқыма емес матадан жасалған сулықтар	дана	1
21	Сантиметрлік лента	дана	1

Scanned with CamScanner

22	Инфузияға арналған жүйе	дана	2
23	Көру өткірлігін анықтауға арналған кестелер	дана	1
24	Вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер	дана	1
25	Медициналық термометрлер	дана	5
26	Тонометр	дана	1
27	Фонендоскоп	дана	1
28	Аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар	дана	2-4
29	Бір рет қолданылатын шпатель	дана	10
30	Инелері бар бір рет қолданылатын шприцтер: 2 миллилитр; 5 миллилитр; 10 миллилитр.	дана	10 10 5

Scanned with CamScanner

Договор №2

с.Шолаккорган **05.01.2026 г.**

На оказание медицинской помощи

ГУ «Отдел образования Созакского района» управления образования Туркестанской области, в лице руководителя Өтебаев Абай Шәріпбекұлы, действующего на оснований Положение, именуемое в дальнейшем «Заказчик», с одной стороны, и ГККП на ПХВ «Сузакская центральная районная больница» в лице руководителя Бердимуратов Н. действующего на оснаваний Устава, именуемое «Стороны», заключили настоящий договор о нижеследующем:

1. Предмет договора

1.1. Заказчик поручает, а исполнитель принимает на себя обязательства по оказанию медицинской помощи детям школьного возраста Заказчика.

1.2. Медицинское услуги включает:

- Оказание первой (доврачебной) и неотложной медицинской помощи при острых заболеваниях, травмах, отравлениях и других неотложных состояниях.

1.3. Заказчик обязуется оплачивать услуги Исполнителя в порядке, размере и на условиях, предусмотренных, настоящим договором.

1.4. Услуги оказываюся на территорий Заказчика по приложению №1 к договору.

2. Организация и порядок проведения медицинских услуг. Обязанности сторон

2.1. Целью медицинских услуги является школы отдела образования Созакского района управления образования Туркестанской области, дети школьного возраста.

2.2. Медицинский услуги проводятся только медицинским персоналом, имеюшим соответствующии сертификат, а медицинское учреждение – лицензию.

2.3. Медицинский услуг включает проведение медицинским персоналом Исполнитель следущих мероприятий: Оказание Первичной доврачебной медико-санитарной помощ детям дошкольного возраста, при наличий показаний проведение любые других разрешенных медицинских исследований.

2.4. Не допускать в школе в следующих случаях:

- При выявлении признаков высокой температуры;
- При выявлении признаков воспалительных процессов;

3. Срок действия договора

3.1. Настоящии договор вступает силу с «05» января 2026 года и действует до «31» декабря 2026 года.

3.2. Каждая из сторон вправе расторгнуть настоящий договор в одностороннем порядке, о чем сторона инициатор расторжения,

Scanned with CamScanner

письменно уведомлять вторую сторону не менее чем за 10 дней до предполагаемой даты расторжения договора.

4. Прочие условия

4.1. Все изменения и дополнения к настоящему договору действительны в том случае, если состовлены в писменной форме и подписаны обеими сторонами.

4.2. Настоящий договор составлен, подписан в 2-х экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, по одному экземпляру для каждой из сторон.

5. Адреса и реквизиты Сторон:

Исполнитель	Заказчик
ГКП на ПХВ «Сузакская центральная районная больница» УОЗ ТОО с.Шолаккорган, ул. Жибек Жолы здания-147 Тел: 87254642292 РНН 58581300212604 ИИК KZ246010291000062653 АО Народный Банк Казахстана БИК HSBKKZKX БИН 091040005910, кбе 16 Руководитель Н.Бердимуратов	ГУ «Отдел образования Созакского района» управления образования Туркестанской области Сузакский район, село Шолаккорган, ул.Жибек жолы 24 87254641135 БИН 060140015359 KZ 42070102KSN5801000 РГУ "КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК" БИК KKMFKZ2A Руководитель Өтебаев А.Ш

Scanned with CamScanner

Приложение №1
к договору №2 от 05.01.2026 г.

№	Наименование организации	БИН организации	Адрес организации
1	КГУ «Общеобразовательная школа имени А.Молдагуловой»	010840002264	Сузакский район, село Шолаккорган, улица Султанбек Кожанов 1А
2	КГУ «Общеобразовательная школа имени А.Байтурсынова»	010840001751	Сузакский район, село Шолаккорган, улица Абылай Хан 3
3	КГУ «Общеобразовательная школа имени Ы.Алтынсарина»	010840002274	Сузакский район, село Шолаккорган, улица Абылай Хан 1
4	КГУ «Общеобразовательная школа имени А.Сулейменова»	010840000228	Сузакский район, село Шолаккорган, улица Жибек Жолы 2, 72
5	КГУ «Лицей школа-интернат № 14 имени Т.Алимкулова»	001140001975	Сузакский район, село Шолаккорган, улица Алия Молдагулова 1
6	КГУ «IT-школа-лицей имени Назира Торекулова»	050740000492	Сузакский район, село Шолаккорган, улица Токпанбетов Созакбай 1А
7	КГУ «Малокомплектная общеобразовательная школа имени Иманова»	010240001869	Сузакский район, село Абай, улица Абай 14А
8	КГУ «Малокомплектная общеобразовательная школа имени Жамбыла»	010240001809	Сузакский район, село Балдысу, улица Балды су 56
9	КГУ «Малокомплектная начальная школа «Карабулак»	001240002471	Сузакский район, село Карабулак, улица Карабулак 21А
10	КГУ «Общеобразовательная школа имени К.Кемелулы»	010240001849	Сузакский район, село Жартытобе, улица Сакен Сейфуллин 72
11	КГУ «Общеобразовательная школа имени Ш.Уалиханова»	010240001958	Сузакский район, село Акколтык, улица Аркабаев Кодас 27А
12	КГУ «Общеобразовательная школа имени М.Маметовой»	010240002639	Сузакский район, село Бабата, улица Асайын Сайлаубеков 5/4
13	КГУ "Общеобразовательная школа имени С.Сейфуллина"	010240002649	Сузакский район, село Жуантобе, улица Достаев Батырбек 35
14	КГУ «Общеобразовательная школа «Карагур»	010840002412	Сузакский район, село Каракур, улица Усенбай Датка 27

Scanned with CamScanner

31	КГУ «Общеобразовательная школа имени Абая»	010240002629	Сузакский район, село Тасты, улица Казакстан 14
32	КГУ «Общеобразовательная школа имени И.Кенесбаева»	010240001819	Сузакский район, село Таукент, Микрорайон 1 Ыкшамаудан 52
33	КГУ «Общеобразовательная школа имени Сугира Алиулы»	031040002417	Сузакский район, село Таукент, улица Исмет Кенесбаев 136
34	КГУ «Малокомплектная общеобразовательная школа имени Ж.Каламбаева»	010240001829	Сузакский район, село Шу, улица Амангелди Иманов 13
35	КГУ «Малокомплектная общеобразовательная школа имени Т.Момбекова»	010840002274	Сузакский район, село Тайконыр, улица Тулпар б/н

Исполнитель	Заказчик
ГКП на ПХВ «Сузакская центральная районная больница» УОЗ ТОО с.Шолаккорган, ул. Жибек Жолы здания-147 Тел: 87254642292 РНН 58581300212604 ИИК KZ246010291000062653 АО Народный Банк Казахстана БИК HSBKKZKX БИН 091040005910, кбе 16 Руководитель _____ Н.Бердимуратов	ГУ «Отдел образования Созакского района» управления образования Туркестанской области Сузакский район, село Шолаккорган, ул.Жибек жолы 24 87254641135 БИН 060140015359 KZ 42070102KSN5801000 РГУ "КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК" БИК KKMFKZ2A Руководитель _____ Өтебаев А.Ш

Scanned with CamScanner